

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
	Силлабус	16 беттің 1 беті

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ӘЭП 03

Пән: Философия және мәдениеттану негіздері

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практика мейіргері»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 091302000 «Акушерлік іс»

Біліктілігі: 4S09130201 «Акушер»

Оқу сағатының/кредиттің көлемі: 24/1

Теория: 24 с.

Курс: 1, 2

Семестр: 1, 2, 4

Бақылау түрі: с.сынақ

Шымкент, 2024 ж.

ONÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 2 беті

«Философия және мәдениеттану негіздері» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: К.Б. Ахтаева

Мамандығы: 09120100 «Емдеу іci»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер іci»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практика мейіргері»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 091302000 «Акушерлік іc»

Біліктілігі: 4S09130201 «Акушер»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28 » 08 2024 ж.

Кафедра менгерушісі: А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28 » 08 2024 ж.

Төрайымы: Г.Т.Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жаңындағы

медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «28 » 08 2024 ж.

Төрайымы: Г.С.Рахманова

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 3 беті

Оқытушылар туралы мәлімет:

№	Аты-жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл.мекен-жайы
1	Тилепбаева А.К.		оқытушы	Философия және мәдениеттану негіздері	aijamalaia@mail.ru
2	Ахтаева К.Б.		оқытушы	Философия және мәдениеттану негіздері	Aktaevaklara44@mail.com

3.1. Кіріспе.

Оқу пәнінің объектісі мәдени-тарихи дамуында және қазіргі жай-күйінде алынған рухани өндірістің ерекше формасы ретінде философия болып табылады. Оқып-үйрену объектісінің құрамына дүниежүзілік және отандық философияның ішкі бірлігіне алынған негізгі бағыттары мен мәселелері кіреді.

Философия- бұл адам болсынының іргелі принциптері мен негіздері туралы, адамның табиғатқа, қоғамға және барлық негізгі көріністерінде алынғандығы рухани өмірге қарым-қатынасының ең жалпы мәнді сипаттары туралы білімдер жүйесін қаузайтын дүниені танудың айрықша формасы.

3.2.Пәннің саясаты:

Білім алушыларға қойылатын талаптар:

- себепсіз сабактарды жібермеу;
- сырт келбеті жинақы, ұқыпты;
- жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- тәжірибелік сабактарда белсенділік көрсету;
- сабактарға дайындықпен келу ;
- сабактарға кешікпеу;
- сабак кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Білім алушылардың өзіндік жұмыстары (рефераттар, баяндамалар) плагиатқа тексерілуі міндетті.

Себепсіз жіберілген сабактар өтелмейді. Әртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты, жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда, анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі. Өтем сабакқа берілген рұқсат парагы 30 күн жарамды.

3.3. Пәннің мақсаты:

Мақсаты білім алушытердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Қазіргі Қазақстанның үшінші жаңғырудағы философияның рөлі

3.4. Оқытудың міндеттері:

- білім алушылардың қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешудегі философияның рөлін түсіну аясында білім алушылардың философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін игеруі;

<p>ONÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 4 беті

- білім алушытердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру;
- ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық әлеует қалыптастыру;

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

- 1) философияның тарихи дамуы негізінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау;
- 2) нақты дүниені философиялық зерделеудің ерекшелігін түсіндіру;
- 3) дүниеге көзқарасты табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық зерделеу мен зерттеудің нәтижесі ретінде негіздеу;
- 4) дүниені танып-білудің ғылыми және философиялық әдістерін жіктеу;
- 5) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның ерекшеліктері мен мазмұнына түсініктеме жасау;
- 6) негізгі дүниетанымдық ұғымдардың мағынасы мен рөлін адамның қазіргі әлемдегі жеке және әлеуметтік болмысының құндылықтары ретінде негіздеу;
- 7) медиамәтіндер, әлеуметтік-мәдени және жекетұлғалық жағдайлардың философиялық қырларына этикалық шешімдерді қабылдау және негіздеу үшін талдау жасау;
- 8) қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзінің адами ұстанымын қалыптастыру және сауатты дәйектеу;
- 9) кәсіби саладағы мәселелердің философиялық мазмұнын анықтау үшін өзекті болып саналатын зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін талқылауға ұсыну.

3.6. Реквизитке дейінгі: Қазақстан тарихы

3.7. Реквизиттен кейінгі: Психология негіздері және коммуникативті дағдылар

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:

Философияның пайда болуы және дамуы. Дүниені философиялық түсінудің негіздері. Болмыс. Онтология және метафизика Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Өмір және өлім. Өмірдің мәні. Этика. Құндылықтар философиясы. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы

3.9. Тақырыптық жоспары:

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Философия пәні, оның қалыптасу және даму тарихы. Ортағасырлық философия. Қайта өрлеу дәүірі және жаңа заман философиясы.	Философия дүниетанымының өзегі ретінде. Философияның қоғамдағы рөлі. Дүниетанымың тарихи түрлері-миф, дін, философия. Материализм және идеализм-философияның негізгі бағыттары. Араб-парсы философиясы. Патристика, схолостика-ортағасырлық философияның негізгі ағымдары. Ислам діні. Р.Бекон, Ф.Аквинский, У.Оккам, О.Хайям, әл-Фараби, ибн-Сина, әл-Бируни ілімдері. Геоцентризм (Н.Коперник, Г.Галилей, Д.Бруно). Жаңа заман философия-таным әдісі.	2
2	Қазақ философиясының	Қазақ халқының дүниетанымы.Мұсылмандық	2

<p>ONÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 5 беті

	қалыптасуы мен ерекшеліктері. Болмыс. Материя. Саны ұғымдары.	ренессанс (Корқыт Ата, Жұсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Асан Қайғы, Мұхаммед Хайдар Дулати т.б.). XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының дүниетанымдық көзқарастары (Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөнкеұлы, Бұқар Жырау, Ақтамберді жырау). Антропоцентризм және гуманизм (Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев). Болмыс. Материя, Саны ұғымдары. Болмыс Категориясы және негізі формалары. Субстанция мәселесі. Заттардың мәні туралы негізгі ілімдер. Материя туралы басты ілімдердің типологиясы. Материя ұғымының философиялық мәні. Материаның құрылышы, оның ұйымдық формалары. Материяның өмір сүру тәсілдері мен формалары. Кеңістік және уақыт ұғымдары. Адам санасы рухани әлемі туралы ғылыми түсініктер. Адам психикасының құрылымы: сана, санасыздық, өзіндік сана. Сана адам миының функциясы.	
3	Диалектиканың негізгі ұғымдары. Философиядағы қоғам мәселесі.	Диалектика дамудың жалпылама концепциясы. Диалектиканың тарихи формалары, диалектика зандары. Қоғам, адам және қоғамдық қатынастар туралы ой-пікірлер. Қоғамдық болмыс, сана. Әлеуметтік философия түсінігі және негізгі принциптері. Рухани қоғамдық өмірдің мәні. Өндірістік қатынастар, өндіргіш күштер.	2
4	Таным теориясы.	Танымның объектісі мен субъектісі. Агностицизм түсінігі. Сенімді және рационалды танымның диолектикасы. Ақиқаттың түрлері. Практика (тәжірбие). Дүниені танып білудің мәні.	2
5	Философиядағы адам мәселесі. Құндылықтар философиясы.	Адам проблемасы, адамға берілген анықтамалар. Адамның пайда болуы туралы түсініктер. Адам өмір сүруінің табиғи-биологиячлық алғышарттары. Адамның әлеуметтік мәні және үлттых үрпаты. Адам бойындағы табиғи және қоғамдық сипаттың үйлесімділігі.	2
6	Қазіргі қоғамның сипаты мен бірлігі. Ғылым мен мәдениет.	Құндылықтар проблематикасы. «Аксиология» Игілік, мейірімділік, қайырымдылық, әділдік, ізгілік, ар-ұят, беделділік, зандылық, тәуелсіздік, зұлымдық ұғымдары. Адамның рухани байлығының өлшемі. Құндылықтар типологиясы. Адамның қажеттіліктері мен мұдделері. Халық санының өсуі. Биосфера, экология мәселелері. Қоғамның Тарихи типтері, қозғаушы күштері. Қоғамды зерттеудің методологиялық негізі.	1
	№1 Аралық бақылау	1-6 тақырыптар бойынша тест тапсырмалары,	1

<p>ONÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 6 беті

		ауызша-жазбаша түрде бақылау жұмысы	
7	Mәдениеттану-мәдениет туралы ғылым. Мәдениет және өнер.	<p>Мәдениеттану пәні оның міндегі. Мәдениет - адам әлемі. Қоғамдағы мәдениеттің негізгі қызметі. Мәдениеттің негізгі жүйелері. Материалдық және рухани мәдениет, оның құндылықтар жүйесіндегі орны. Мәдениеттің мұрагерлік, адамды қалыптастыру қызметі. Мәдениет - күрделі қоғамдық құбылыс. Мәдениеттану ғылымның білімдік жүйесі, олардың құндылығы. Мәдениет және өркениет ұғымының арақатынасы. Мәдениеттандығы концепциялары.</p>	2
8	Дүниежүзілік мәдениеттер мен өркениеттер.	<p>Шығыс мәдениетінің қалыптасуы мен ерекшелігі. Вавилион мәдениетінің қалыптасуы мен ерекшелігі. Вавилион мәдениеті адамзат мәдениетінің ең көне орталығы. Египет мәдениетінің құндылықтары: пирамидалар, Мысыр жазуы, наным-сенімдері. Ежелгі Қытай мәдениетінің мәні: Конфуций, Дао, Будда ілімінің алатын орны.</p> <p>Қытай иероглифтерінің мәдени тарихы. Ежелгі Қытай өнері. Үнді мәдениетінің негізгі бағыттары, алғашқы философиялық мектептер. Үнді эпостарының дүниежүзілік мәдениеттегі орны. Үнді халқының әдет-ғұрыптары. «Махабхарат» мен «Рамаяна» поэмалары - көне үнділік әдеби мұра.</p> <p>Грек мәдениетінің мәні. Ежелгі Грек философиясы, космологиясы. Гомер поэмасы. Ежелгі грек мәдениетіндегі мұсіндеу және сәulet өнеріндегі дүниетанымдық көзқарас. Спартандық тәрбие. Афина демократиясы және оның маңызы. Антикалық Рим мәдениетіндегі сабактастық және жаңашылдық Римдік шешендік өнер. Цицерон. Грек, Рим мәдениетінің сабактастығы. Рим тарихнамасының қалыптасуы. Антикалық мәдениеттің қазіргі Еуропалық мәдениеттің қалыптасуына тигізген әсері.</p>	2
9	Еуропалық Қайта өрлеу және Жаңа заман кезеңіндегі мәдениет. Ресей мәдениетінің дамуы. Отандық мәдениеттің теориясы мен тарихы. Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер және қазақ мәдениеттің бастауы. Ортағасырдағы түрік мәдениеті.	<p>Ортағасырлық мәдениетегі діни және көркемдік канондар. Қайта өрлеу мәдениетінің кезеңдері. Еуропаның Реформация дәуіріндегі мәдениеті. Мәдениетегі рационализм. Ағартушылық кезеңіндегі Еуропа мәдениеті.</p> <p>Византия және оның христиандық мәдениетті дамытудағы тарихи рөлі. Данте, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Мекелланджело және олардың әлемдік мәдениеттегі орны. Ренессанс дәуіріндегі жеке адам мүмкіндігін бақылау. Қайта өрлеу дәуірінің өнер туындылары. Жаңа дәуір мәдениетіндегі ғылым мен техниканың маңызы. Ағартушылық дәуіріндегі Еуропа мәдениеті. Өнердегі</p>	2

<p>ONÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-195
Силлабус		16 беттің 7 беті

		<p>романтизм. Ежелгі Русь мәдениеті. Ежелгі Русътің праваслав дінін қабылдауы. Русь жылнамалары. XVII-XVIIIғ. архитектура және құрылым өнері. Орыс тарихындағы «Күміс ғасыр». Ежелгі славядардың дүниетанымы. София саборы-таңғажайып өнер туындысы. Славян мәдениетінің дамуындағы Мәскеудің рөлі. Ресей мәдениетінің жаңа кезеңі. Қазақ мәдениетінің түп негізі. Андронов мәдениеті. Ежелгі көшпелілер мәдениетіндегі мифология және космогония. Ежелгі сак өнері. Сактардың дүниетанымы Ұлы Жібек жолы. Ұлы Жібек жолы бойындағы қала мәдениетінің дамуы.</p> <p>Ежелгі түркі өркениеті және оның ерекшелігі. Орхон-Енесей ескерткіші көне түркі жазбасы. Түркі дүниетанымы мен қазақ дүниетанымындағы сабактастық. Құлтегін, Тонықөк, Білге қаған жыры. Күле чор, Мойын чор ескерткіштері. Ертіс, Талас жазбалары. Түркі мәдениетіне араб-парсы мәдениетінің ықпалы. «Мұсылман Ренессансы» дәуіріндегі жазба мәдениеттің дамуы. Әл-Фараби мұралары. Ислам дүниетанымы бағытында жазылған еңбектер. Ортағасырлық кезеңдегі тарихи ескерткіштер. «Қорқыт Ата кітабы» мен «Оғыз наме» түркілердің ортақ мұрасы. М. Қашқари «Түркі тілдерінің сөздігі» түркі тайпалары туралы зерттеулер. Ж. Баласағұн «Құтты білік» - энциклопедиялық еңбек. А. Иассауи «Диуани Хикмет». «Құмандар кітабы».</p>	
10	<p>Көшпелі құндылықтары. Дәстүрлі қазақ мәдениеті. Халық ауыз әдебиеті мен музыка мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің Қазіргі мәдениеті.</p>	<p>өркениет құндылықтары. Дәстүрлі қазақ мәдениеті. Халық ауыз әдебиеті мен музыка мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің Қазақстан мәдениеті.</p>	<p>Көшпелі өркениет әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі. Көшпелілер дүниетанымы. Көшпелі өркениеттің ерекшелігі. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің табиғи-ғарыштық негіздері. Көшпелілер өміріндегімал шаруашылығының рөлі. Кеңістікті игерудегі жылқы малы. Көшпелілердің әлеуметтік тектік типтері. Көшпелілердің әдет-ғұрыптары. Қазақтың ұлттық ойындары. Қазақ халқының қолөнері. Халықтық қолөнер. Қазақ этнографиясы. Ұлттық киім ұлғілері. Ағаш өндеу және зергерлік өнер. Тері өндеу және теріден жасалатын бұйымдар мен түрмистық заттар. Қазақ халқының тұңғыш суретшісі. Ш.Уалиханов. Қазақ халқының тұңғыш кәсіби суретшісі Ә.Қастеев. Халық ауыз әдебиеті мен музыка мәдениеті.</p> <p>Дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшелігі. Халық ауыз әдебиеті бай мәдени мұра. Халық ауыз әдебиеті жанрындағы батырлар бейнесі мен жерге деген</p>

<p>ONÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 8 беті

	<p>сүйіспеншілік. Шешендік өнер-сөз жауһары. Айтыс өнері. Материалдық және рухани мәдениет құндылықтары (қол өнер, түрғын үй, киімі, қазақ күнтүзбесі, халық білімі, Наурыз). Халық ауыз әдебиетіндегі лирикалық пәннелер: «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Қызы Жібек». Ұлттық аспаптар, күй, ән өнері. Халықтың әншісі композиторларының шығармашылығы.</p> <p>XX ғасырдағы мәдениеттің дамуындағы қайшылықтар мен ерекшеліктер. Қазақстанның көпұлтты мәдениеті. Қазіргі қазақ мәдениетінің типтері. Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары. Модерн: оның ерекшеліктері, әлеуметтік және көркемдік бағыттары. Авангард-мәдени-әлеуметтік құбылыс. Қазіргі қазақ әдебиеті. Қазіргі өнер: сурет, кино, театр, бейнелеудең б. Қазіргі Қазақстан мәдениетінің жетістіктері, Әлемдік өркениеттегі Қазақстан мәдениетінің алдың орны. Ұлттық мәдениеттің жаңаруы. 20-30 жылдардағы білім беру жүйесінің дамуы. Әдебиет пен өнердің дамуы. Халық шаруашылығын дамытуда ұлттық кадрларды дайындау. Қазақ ғылымының дамуы. С.Д. Асфендияров, А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Қ.И. Сәтпаев. Қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі. С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, Ж. Аймауытов, М. Әуезов т.б. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан мәдениеті. Қазақстан мәдениетінің XX ғасырдағы 70-90 жылдардағы дамуы.</p> <p>Қазіргі қазақ мәдениетінің типтері. Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары. Модерн: оның ерекшеліктері, әлеуметтік және көркемдік бағыттары. Авангард-мәдени-әлеуметтік құбылыс. Қазіргі қазақ әдебиеті. Қазіргі өнер: сурет, кино, театр, бейнелеудең б. Қазіргі Қазақстан мәдениетінің жетістіктері, Әлемдік өркениеттегі Қазақстан мәдениетінің алдың орны.</p>		
11	Қарым-қатынас мәдениеті.	Отбасылық мәдениет. Отбасылық құндылықтар. Отбасылық, некелік қатынастар. Қазіргі қарым-қатынастар мәдениеті. Телефон және ғаламтор. Қоғамдық орындағы мәдениет. Тамакт ану мәдениеті. «Сіз» және «Сен». Әдеп жайында.	2
12	Дүние жүзілік діндердің мәдениеттің дамуындағы алдың орны. Будда мәдениеті. Христиан	Үнді мәдениетіндегі діннің алдың орны. Б.з.д. екі мың жылдықтағы Ведалар. Упанишадтар. Брахмандар мен атмандар. Ведалар негізінде қалыптасқан философиялық ілімдер: жайнізм,	1

<p>ONÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 9 беті

<p>өркениеті. Ислам өркениеті.Қайталау.</p>	<p>буддизм, даршандар, чарвактар-лакаяттар.б. Будда діні. Буддизмнің екі ағымы: Хинаяма, Махаяма. Будда мәдениетің таралу тарихы. Индуизм. Христиан дінің шығуының әлеуметтік - мәдени алғы шарттары. Христиан дінінің құндылықтары. Христиан дініндегі Еуропа мәдениеті дамуындағы рөлі. Христиан дініндегі адамгершілік мәселесі. Католик діні және Рим папасы. Праваславия діні. Орыс шіркеуі. Протестандықтардың пайда болуы мен ерекшеліктері. Христиан дініндегі Еуропа өркениетіндегі орны. Ислам мәдениетінің шығутарихы мен таралуы. Құран - исламның қасиетті кітaby. Ислам дініндегі ағымдар. Қазіргі ислам өркениетінің әдет-ғұрыптары және бүгінгі ислам. Ислам теориясы мен практикасы.Исламдық көзқараспен жазылған әдеби шығармалар. Исламның діни мәдени салт-дәстүрлері. Ислам және өркениет.</p>	
№2 Аралық бақылау.	7-12 тақырыптар бойынша тест тапсырмалары, жазбаша, ауызша турде бақылау жұмысы	1
Барлығы:		24

3.10.Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҮР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темірғалиев, К. А. Философия : оқу құралы / К. А. Темірғалиев, А. Т. Бекірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Тұрысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.- 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның тандаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антическая философия» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темірғалиев, К. А. Философия : оқу құралы / К. А. Темірғалиев, А. Т. Бекірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосынша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 10 беті

3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].

4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).

5.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].

6.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том,Ортағасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.А.Алдабердіқызы,Ш.Ш.Әлменова,Д.М.Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).

7.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру

8.Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

1.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәүірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәүір.

Шәуменова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>

2.Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. F. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. F. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

Теориялық сабактар – мәселелік, ақпараттық, әңгіме, дәріс-презентация, бинарлық. Аудиториямен көрі байланыс дәріс тақырыптары бойынша білім алушылармен блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, ситуациялық тапсырмаларды шешу, презентация, карточкалармен жұмыс, дебат.

3.12.Білім алушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау:

- ауызша сұрақ-жауап, презентация, рөльдік ойындар, мәтінмен жұмыс, жаттығу жұмыстары, эссе жазу.

Теориялық сабактар: ауызша сұрау, әңгіме, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс;

Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрақ жауап, тест жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: тестілеу, ауызша сұрақ жауап 6 және 12 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау: Ауызша, тест.

Білім алу нәтижелерінің бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты турде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаудардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Платонус, тест бойынша алынған диф.сынақ бағасын Платонус ААЖ-ға кояды.

Қорытынды бақылау: бағалы сынақ **тестік (ауызша, жазбаша)** нысанда жүргізіледі және білім алушы жоғарғы (макс) 40 балл жинауы мүмкін.

<p>ONÝÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 11 беті

Жалпы бағасы: ағымдық (рейтинг) (60%) + қорытынды (40%) мына төмендегі межелік бойынша қойылады:

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	Жақсы
B	3,00	80-84%	
B-	2,67	75-79%	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74%	
C	2,00	65-69%	Қанағаттанарлықсыз
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	Қанағаттанарлықсыз
D	1,00	50-54%	
F	0,00	0-49%	Қанағаттанарлықсыз

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БҚ1. 1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын менгерген.	Сабакқа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады.	Сабактың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады.	Оқытылатын пәннің занылыштары мен негізгі фактілерін, даталарының хронологиялық реттілігін сипаттап бергені үшін қойылады.	Білім алушы оқытылатын пәннің занылыштары мен негізгі тарихи фактілерін өздігінен ізденіп, даталарының хронологиялық реттілігін ұғынып, ізденген білімі үшін қойылады.
БҚ1. 2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын	Алынған білімді қолданбағаны үшін.	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін бағаланады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін

<p>ONÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 12 беті

	ықтималдығын бағалайды, көртынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылайды.			сипаттағаны үшін қойылады .	қойылады
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданады, алайда алған білімін тиімді көрсете алмағаны үшін қойылады.	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өндеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдалану шыларға жеткізе алады.	Топпен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылай білгені үшін қойылады.	Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады.
БҚ 3.1					

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша ауызша, тест	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сынни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, нақты емес немесе білім алушы өздері түзеген қателер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады.

<p>ONÝÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 13 беті

	Қанагаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты емес қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қыындықтарға кездескен жағдайда қойылады.
	Қанагаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабак тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрекел және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.

Бағалы сынақты бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Тест, ауызша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы жауап беру кезінде негізгі қағидаларды өз бетінше нақты мысалдар, фактілермен жауабын растап, және негізделген түрде талдап, жинақтап, корытындылай алғанда еш қателік жібермелегендеге қойылады. Оқу материалын жүйелі, нық, байланысты, негізделген түрде және қатесіз түсіндіреді, берілген терминология мен хронологияны пайдалана отырып логикалық жүйелілікте береді; өзінің дербес тұжырымын жасайды. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы жауап беру кезінде бағдарламалық материалдар бойынша нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Түсініктеді айқындауда, ғылыми терминдерді пайдалануда, тұжырымдар және жиынтықтарда елеусіз қателер мен кемшиліктер жібереді. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	Қанагаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қыындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, алайда кейбір жерлерін түсінбеген; материалдың мазмұнын айтуы жүйесіз, үзік-үзік және ретсіз. Ғылыми терминологияны пайдалануда қателіктер мен дәлелсіздіктер жібереді. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	Қанагаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабак тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми

ONÝÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
Силлабус	16 беттің 14 беті

	<p>терминологиясын қолдана алмаса, материал мазмұнын игермеген, қорытындылап, жинақтай алмай қателіктермен жауап берген жағдайда койылады. Қойылған сұрақтар шегінде бағдарламалық материалдың маңызды немесе негізгі бөлігін білмейді және түсінбейді.</p> <p>Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді .</p>
--	--

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
	Силлабус	16 беттің 15 беті

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-195
	Силлабус	16 беттің 16 беті